




Президент  
сыйлығының  
лауреаттары

# Қайса<sup>р</sup> Әлім

Сыздамашы,  
жүргегім!



# Президент Сыйлығының лауреаттары



Президент  
СЫЙЛЫГЫНЫҢ  
лауреаттары

**Қайсар  
ӘЛІМ**

**Сыздамашы,  
жүргегім!**

Эсселер.  
Көсемсөздер.  
Новеллалар.



УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Каз) 7-4  
Ә 55

**Әлім Қайсар.**

**Ә 55 Сыздамашы, жүрегім!** Эсселер, көсемсөздер, новелла-  
лар./ Қайсар Әлім. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. –  
456 бет.

ISBN 978-9965-22-422-5

Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты  
(2012 ж.) Қайсар Әлімнің бұл жинағында әр жылғы журналистік  
жазбалары топтастырылған. «Сезім сілкінісі», «Әдеби әдіп»,  
«Тіршілік тіні», «Әлем әлдіі» бөлімдерінде адам тағдыры, еңбек  
жасампаздығының тағыымдары, айтулы тұлғалардың өмір ернек-  
тері, Алаш арыстарының жанқиярлық күрескерлігі, тәуелсіздік  
жылдарындағы Еліміздің экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени-  
рухани өрлеуінің маңызды белестері түркісіндең тұшымды әнгіме  
өрбітіледі. Жаңа Астананың әлемдік бедел-абыройының асқақты-  
ғын айшықты бейнелеу арқылы өртөндірілген нұрлы болашағымыздың  
жарқын көрінісі тайға таңба басқандай қызықтыра тартады.

Кітаптың тілі шүрайлы, мазмұны бай, көркемдігі келісті.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Каз) 7-4

ISBN 978-9965-22-422-5

© Қайсар Әлім, 2012  
© «Қазығұрт» баспасы», 2012

1-бөлім  
СЕЗІМ СІЛКІНІСІ

---



## АЛАШШЫЛ ЖУРЕК

2000 жылдың ақпанында Алматыға жоқ іздең барған едім. Рухани жоқтықтың орнын толтырғым келген. Ұсақ-түйек емес, түйедей ділгір тақырыптың етегіне жармасқаныма он үш жылдың жүзі жаңғырыпты. Анығын айтсам, Міржақып Дулатов ортамызға ақталып оралған 1988 жылдан бергі уақыт сынаптай женіл сырғығанымен, ішкі болмыстың дауыл-дүлейі, алмағайып көніл бұлқынысы, ақ пен қараның итжығысына қазылық еткен шындықтың алмас жүзі, өткен мен бүгіннің әдібін жырмаламайтын әділ түйін, шымбайсыз шешім – бәрі-бәрі алақұйынданып, арпалысып, әйткенмен де ұлы мұраттың тарихи ақ жолында бірге тақым қысқандай бол, іргелі елдің бүгіні үшін жандарын пида еткен Алаш арыстарының айға білеген намыс-алдаспанаң тот бастырмаудың жалпыұлттық қамын күйттеген өрмінез салтанат құрған қынуулы кезең десек, қателеспепіз. Үміт шырағы шалқы жанған өліара шақ. Жетелеп жеткізген жері – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты болатын.

Осында іздең келген бір жоғымыз екінші бір жоғымызды тапқызғанына қапысыз қайранбыз. Бұл сәттілікті кәдімгі халық мәтеліне – «Бір жоқты бір жоқ табадыға» жатқыза салуға болар еді. Соның да сыңайы келеді. Сүйтсе де Алаш арыстарының идеялас қанаттастары оларға қаншалықты де-меу, қолдау көрсетіп, елдік намыста бірі белгісіздеу, енді бірі ерен іс-қимылымен ұлттық мақсатқа жүргінсиз жұмылғаны дәтке қуат. Сондай тарих көмбесінде уақытша көмілген көнтерлі тұлғаның бірі – Әлмағамбет Қасымов

екендігі ми түкпірінде жататын. Кезі келіпті, сөті жетілті сол қазына-сандықтың қақпағын ашатын. Бәлкім, мындан бір мезеті шығар, бұл – жәдігерлік мүмкіндіктің. Зердеде елесі сәулеленгенмен, сыртқа тұншығып үні естілмейтін «Алашшыл» қаншама жүрек үмітінен үзіліп жатқаны және ақиқат қой. Ақталғаны, ақталмағаны бар: бір тілектің – тәуелсіздіктің жайсаң құрбандарының қын тағдырын таразылап, талғаммен тәбәрік ету – түйсіктің талайына жататын іс болмақ.

Сонымен Міржақыпты індете іздейміз деп, Әлмағамбет Қасымовты таптық. Екеуі ауылда. Ішкені бір Қоныраулының сүсі. Жүтқаны ортақ ауа. Жайлағаны Қызбел бойы, Сарықопа аумағы, Саганың тұмылдырығы немесе Қылышадан қырқабақтанып ойысатын Құмшақ атырабы. Айтуардың да айдыны бала кездің алансыз қызығын еселеген тәтті де кермек тірлігі бұл-бұл ұшқан бастарынан. Міржақыптан Әлмағамбет небары төрт-ақ жас кіші. Тай құлындағай тебісіп өскен. Бірі мадијар, бірі өтей боп, арғынның текті ұрпактарын жалғастыруши нағыз жас перідей жаландаган жампоздар-тын. Бойы-басын ұстаулары, міnez көркемдігі мен ұстамдылығы, жад алғырлығы мен ертенге елендейтін елгезектігі екеуін бірге жаралған бауырлардан бетер белектендеріп тұратын өз тұстастарынан. Есейді. Елге еленді. Сан тарап тағдыр сокпағына түсті. Заманың аңы зарына да бірігіп құлақ тосты. Тар жолда тізе қосып, үзенгіге аяқты бірге салды. Ел, жер ушін тұн үйқыны бөлу былай тұрсын, жан қиодан жалтармады. Ұлы жорықта бұлар секілді бұла тарпаңдар ауыздығымен алыспағанда кімдер қаһарына мінер еді. Алаш абыройын кімдер асқақтатар еді. Бүгінгі тәуелсіздік тұтіні тұзу ұшу үшін жан алыш, жан беріскең ұрпактың мәрт мінезді, шалт қимылды өр тұлғалары ғой олар.

Торғай ауданының №9 ауылында 1889 жылы дүниеге келген Әлмағамбет Қасымов бізге белгілі дерек көзіне қарағанда, Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінде мұғалім болып жүрген жерінен 1937 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директоры Диаровтың №39 бүйрекшімен қызметінен босатылған. Бүйрек берілген күн – осы жылдың 4 қыркүйегі.

Төтенше бүйрыққа не себеп болды екен? Осы жерде мұғалім Ә.Қасымовтың ҚССР оқу-агарту халық комиссарына жазған өтінішін тұтастай келтіруді жөн көрдік. «Соңғы үш жылда, атап айтқанда, 1.09.1934 – 1.09.1937 жылдар аралығында мен №12 мектепте жұмыс істедім. Осы жылдың жазында мектеп директоры Диаров жолдасқа бұл мектептен кететінімді айттым. Диаровқа осындай ойым бар екенін білдіріп, өзімнің жеке іс парагымды сұрағанымдағана көрдім, оның қолымен мынандай жазба түсірілген екен: «Оның Алаш орда партиясының белсенді қатысушысы болғанын және өзінің кеткісі келетіні жөніндегі ауызша өтінішін ескере отырып, ол 1937 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қызметінен босатылды».

Бұл жедеғабыл, астыртын берілген бүйрық Әлмағамбетке ашық күнде аспаннан жай түсіргендей соққы болады. Сөз арасында, пікірлесу райында айта салған ойынан директордың лезде күтпеген шешім қабылдаудында бұксік пиғылдың сарыны жатқанын сезген ол одан әрі түсінік-өтінішін былайша жалғастырып, істің анық-қанығына көз жеткізуге бекемденеді: «Бұл босатудың бірінші бөліміне мен үзілді-кесілді қарсылығымды білдіріп, төмендегідей түйін жасаймын: 1) Алаш ордағы қызмет еткенімді мен ешқашан ешкімнен жасырған емеспін. Бұл түрғысында өмірбаянымда да толығымен әрі түсінікті мәлімдеген болатынмын».

Енді Әлмағамбеттің өз қолымен орыс тілінде жазылған өмірбаянына үңіліп көрелік. Әр әріпі мүсіндей қашалған, мөп-мөлдір, анық, сұлу қолтаңба көз сүйсінеді. «1919 жылдың жазында екі жарым ай Алаш орданың шығыс белімшесінде шаруашылық бөлімінде жем үlestіруші болып жұмыс істедім».

Алаш ордаға шынайы қатыстырылғының анық-қанығы осындай екен. Жасырып, жаппаған. Қызметтік қолайыма жақпай қалар-ау, соңыма шала байлағандай болармын-ау деп үрікпеген. Қайта, Алаш ісіне қарапайым жем үlestіруші болып қолғабыс жасағанына мақтанатын сыңайлы. Кім білген, егер де өзін 1919 жылдың күздінде халық шаруашылығы кеңесінің мүшесі етіп сайламағанда, Алаш ордаға қатысты-

лығы екі жарым айға ғана созылмай, түбегейлі шешіммен жалғаса берер ме еді, қайтер еді. Алаш ақтығына деген інкәрлік оның жоғарыдағы жазуынан жүрек лұпіліндей сезілетінін бүркемелей алмайсыз тағы.

Жазған өтінішіне қайта оралайық: «2) Алаш орданы күруға мен қатысқан жоқпын. Бірақ та екі жарым ай қара жұмысын жасадым да басқа салаға («Земская управа») ауысып кеттім. 3) Алаш орда Қызыл армиядан бас сауғалағанда, мен ондай ойдан аулак болдым. 4) 1920 жылы маған Алаш ордаға қызмет еткен адам ретінде айыптау материалдары жинастырылды. Тиісті тергеу органдары (ЧК) мені тұтқындалап, материалдарды тексерді. Нәтижесінде менен ілік таппай босатып жіберді. Бұдан соң сонда, яғни Торғайда бес жыл жұмыс істеп, 1925 жылдың жазында Оқу-ағарту халық комиссарының шақыруымен Қызылордаға қызметке тұрдым. Үстімнен накақтан жиналған материалдардың 1922, 1929 жылдары баспасөзде жарияланғанын да айта кетпекпін. 5) Менің есімім «Алаш орда» (1929) кітабында да аталады. Февраль революциясынан кейін 1917 жылдың көктемінде Орынборға съезге келгенімде мені орынсыз айыптаған Загайновтың үстінен арыз жаздым. Загайнов патша шенеуніңі, 1916 жылы қазақтардың көтерілісі тұсында Торғай қаласының комендантты болды. Торғайға келгенімде Загайновтың себепсізден-себепсіз маған қол жұмсағаны бар...».

Осы сөйлемдерді қағазғатыспіріп отырғанда Әлмағамбеттің көз алдынан қауға сақал, күшкің жақ, сұліктей жылтыр қара көлбендей қалды. Ұсқынсыздың ұстыны да адам баласын жиіркендіретіндей еді. Үр да жық дойыр мінезі мәміледен гөрі атыспаққа, андаспаққа, ақырмаққа шақырып, шұңғіл көзінің шарасын небір сойқан айла-тәсілмен шүпілдетіп тастағандай. Кісі танитын Әлмағамбет әп дегенде онымен жуыспауға тырысқан. Бірақ өзі ғой, өңешін созып, өңмендеп:

— Алаштың құйыршығы екенінді жүрттың бәрі біледі, қадамынды абылап басқын, әйтпесе... — деп ызғарын шашты.

— Сөзбен салғыласып қайтеміз, біздерді біzsіz сырт көz бағалайды ғой, — деді Әлмағамбет сыпайы сөйлеп, дүрегейді сабасына түсірмек бол.

Сол-ақ екен, құлақ шекесін оспадар жұдырық осып өтті: Жалт бұрылып, жөніне кетті ол, тістеніп бұл қалды... Содан соң ғой іле Әлмағамбетке негіzsіz жала жапқан мақалалар баспасөзге шыға бастағаны... Бірақ тергеу барысында ол материалдардың шындыққа жанаспайтыны тайға таңба басқандай атап көрсетілген.

Әлмағамбет Загайнов секілділердің қоқан-лоқысынан айылын жимады. Ақ пен қызылдардың шарпысуынан, алаштықтардың арпалысынан өзінше ой түйіп, сыртқа әйтілей бермейтін ішкі мұдде беріктігіне, келешек келісті күндеріне бір түйсігі имандай үйытып, сендіруші еді. Сол сезім ләzzатқа бөлдейтін. Ләzzатсыз дүние қараң. Қоғам ләzzатқа кенелмей, адам онбайды. Адамына қарап та заманын ажыратар... Демек, Әлмағамбеттің ойынша, бар игілікті тетіктің сиқыры өзі текtes қара қазақтардың уысында тұрган секілді. Соны икемді әжетке жаратып, елдік үшін беріспей күресуге қамқарекет қылған абзал-ау. Түйін осы... Енді өмірден туңілуге болмайды. Жұдырықтай түйілген түпкі ойынан шығар...

Қазақ мектебінің мұғалімі одан әрі өзін ақтап алуға жанұшыра бекінеді. Тағы да оның жазған арызына ойысайық: «Великий вождь мирового пролетариата т.Сталин в своем заключительном слове от 5 марта 1937 г. сказал следующее: «Значит ли это, что надо бить и выкорчевывать не только действительных троцкистов, но и тех, которые когда-то колебались в сторону троцкизма, а потом, давно уже, отошли, от троцкизма, не только тех которые действительно являются троцкистскими агентами, вредительства, но и тех, которые имели когда-то случай пройти по улице, по которой когда-то проходил тот или иной троцкист? По крайней мере такие голоса раздавались здесь на пленуме. Можно ли считать такое толкование резолюции правильным? Нет, нельзя считать правильным. В этом вопросе, как и во всех других вопросах, необходим индивидуальный, дифференцированный подход. Нельзя стричь всех под одну гребенку».

Жағалай «халық жауларын» індептіп іздестіріп, інгे тығып, жойып жіберіп жатқан көрсөкүр науқаннан жаны шуберекке түйілген Әлмағамбетті де түсінеуге болар. «Келесі кезек менікі шығар» деп үрейленгенде, дәтке қуат етіп «ұлы көсемнің» сөздерін әділ төрелік дәметкен арызына сыналап жіберген ғой.

Көлденең пәле-жала жабылса, жөпелдемеде жалтара алмайсың. Соның кебін киіп жүр еді Әлмағамбет. Кейде туралап емес, ту сыртыннан тап беріп, талапайлайды. Тосын соққыдан сейіліп, сергу мың қиямет. Ол сонғы кезде осындай опыранқы, жүдеу көніл-күйден оңайлықпен арыла алмайтын болды. Мәрт мінезі мәнсізденіп, безгек буғандай дене дірілі бойын ысытып, күйгелектеніп қалады. Мына 48 жасында жанның жегісіндей болған талай құқайды көргенімен, һәм түтіліп, мұжілменгі, тіпті құрескерлігі күшейіп, әділетті болмысы одан бетер қайраттанғандай. Шыңырауда жатышта шындалуға құштар тәуекелшіл өрлік ердің еріне жара-сар. Елім деген ертеңшіл тұлғаның тұтас, болаттай болмысы сырт көзге сырттандай айбынды әрі қаһарлы қүйінде көлбендеп, көнілге түрлі ой салар. Әлмағамбеттей әлді үрпақ тап құресі болмақ түгілі қоғамдық доданың дөйінде де ұпайын жібермес.

Осы, 1937 жылдағы окуы басталар тұста мұны қабаттас атқаратын екінші бір жұмыс орны – педучилищеден нақақтан кудалап жіберді. Ерегіссе мысымен-ақ бәсекелесінің өтін жарып жіберерліктей өткірлігі бар. Қара қайрактай қайратқа мінді де Оку-ағарту халық комиссарының алдынан бір-ақ шықты. Мақсаты – жұмыстар қылууның себебін анықтау.

– Өмірбаяныңызды қысқаша айттыңыз, – деді комиссар.

Жаза-жаза жауыр болған өмірбаян жадында шегеленіп қалған ғой, ауызша шерлі жырдай шертіп берсін. Бүгіп қалған жоқ, ештеңесін. Алашордаға жасаған қызметіне де мән беріп, ерекше мәніспен мәлімдеді.

Халық комиссары езі басқарып отырған саланың ұнғыл-шүнғылын жетік билетін кісі болатын. Тыңдаап болып: «Қасымов, сенің өзіңмен емес, ісіңмен таныспын ғой. Өтінішің орындалады», – деп қолын ұсынып жылы қоштасты. Кү-

лімдеген көзінен көңіл айнасындағы сыр көрінгендей: «Алаштыңды аяла, бір пұшпаққа жетсөн, сонымен қанаттасып жетесің!» – деп түрғандай ма?

Сыртқа шыққан соң Әлмағамбет халық комиссарымен терезесі тен сөйлескеніне ал кеп таң қалсын. «Ұзақ жылғы қызметімде бір де бір сөгіс алып көрмеппін, – деп ағытылды дейсің. – Тек алғыс пен құрмет марапаттарын жинаппын. Осының бәрі жеке іс қағазымда қатталған. Одан сондай-ақ мені негізсіз қаралап қызметімнен қуып отырған мектеп директоры Диаровтың да қолпаشتау пікірлерін окуға болады». Халық комиссары басын изеп қояды. Әлмағамбет одан әрмен батылданып: «Сізден өтінерім, Диаровтың менің еңбек тізіміме жазған бұйрығының бірінші бөлімін («Алаш орданын» белсенді қатысушысы деген тіркес – К.Ә.) жойып жіберуін сұраймын. Соған көмектесіңіз. Ол асыра сілтеп отыр. Мен белсенді қатысушысы болғаным жоқ қой. Бар болғаны... жем үлестірушімін», – дегенде де үлкен лауазым иесі үнсіз басын изей берді...

Үйіне келген соң да мазасызданып, жаны жай таппады. Сынықтан сылтау тауып, басқан ізін андып, шырақ алып кемшилік тінткен кілең бір қара жүректердің соңғы кездегі пасық істерін ойласа, заманның әбден бұзылғанына қамыға түседі. Әйтпесе, мектеп директоры Диаровке не жорық? Бет-пе-бет кездескенде сып-сыпайы мінсіз адамдай. Ал айнала беріп айтатын сезіне қарасаң, одан өткін арамза жоқ секілді. Көмекейі жала біткеннің жалындаған пеш-көрігі іспетті. Бұлтартпай тұсаудың кәнігі шебері. Сендіре сөйлейді, се-кем алғызбайды. Оның сондай жоғарыға жолдаған соракы түсінік-жазбаларынан талай тағдыр талкандалды, күнәсіз кісілер жазықтының қамытын киді. Бажайлап көрсе Әлмағамбет те сол құрбандардың қатарына іліккелі түр. Әйтпесе өзін 1935 жылдың қантарынан ғана жұмыс бабымен біле-тін Диаровтың мұның өткен өмір жолын қаралап шолу жасауының ешқандай қисыны жоқ еді.

Директордың өз қарауындағы мұғалімін «халық жауы» етіп көрсетуге мерездікпен, мекерлікпен өршеленуі шошын-дырады. Бұл – мұғалім деген қастерлі атқа күйе жапқандық

емес пе? Беделін түсіріп, абыройын төгу екенін сол Диаров түсіне ме? Әлмағамбетті ел іші «мұғалім» деп атайды. Тіпті ауызекі әңгімеде де «мұғалім» деп сөзге тартып, пікірлесуге шақырады. Бұл сөздің жанына жақын бол кеткеніндігі сондай «мұғалім» деген сөзді естімей қалса, көңілі алаң бол жүргені. Ол ресми қағаздардың соңына «Учитель Касимов» деп түйін түйеді. Қызығы сол, елге жолдаған сағыныш хаттарының аяғында да осылай қол қоя салады. Ел де, ағайын-туыс үйренісіп алған, «Учитель Касимовтан» хат келді деп, мәре-сәре болады.

Сол мұғалімге, міне, қара шай да батпай отыр. «Нарком просвещения» (25.10.1937) жолдаған арызын көңіл сүзгісінен қайта-қайта өткізеді. Толықпаған бір тұсы бар секілді соны қосса қайтеді? Кір іздеушілер теспей сорып кепнедей кадалғанда, бұл неге акталудан тартыншақтай беруітиіс. Болмайды! Бұл ибальғы өзін-өзі ұстап берудің төте жолындей ғой. Бекінді мұғалім. Қолына қалам алды. Бүгін 31 қазан. Соза берсе өзіне қасірет төнер...

1935-36 оку жылында №12 мектепте педагогика ұжымының күшімен педкабинет ұйымдастырылып, ашылды. Оған мұғалімдер үшін дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар, әдістемелік жұмыстар, әдістемелік әдебиеттер, т.б. жинақталып, қойылды. Бір жолы мектепке бұрынғы «Нарком просвещения» Жүргенов келіп, педкабинетті арапап көреді де «көрнекі құралдар мен дидактикалық материалдарды жинаудың не қажеті бар!» деп педдүйкімді жазғыра бастайды. Осының бәрін тігісін жатқызып баяндаған мұғалім одан әрі былай жалғастырады: «Когда я сказал, что отрицать значение наглядных пособий нельзя, он рассердился на меня и сказал: «Наглядные пособия мне не нужны, если нужны, то отдайте их Касымову!».

Төбеден жай түсірген сез еді бұл. Ұжым мүшелері, ішінде педучилищенің оқытушысы Виролайнен де бар, бәрі аң-тан. Өздері күтпеген құқай еді. Жақсы істі қуаттай мадесе, жабырқатып тастағаны несі? Одан әрі мұғалімнің жазбасы: «Тот же Жүргенов в своей статье в «Казахстанской правде» в отношении моем выразился так: Вместо того ...

(сөйлемнің жалғасын түсіну мүмкін емес – К.Ә.) проводил алаш-ординско-троцкистские идеи. Тем самым показать, якобы, искренно работает. На самом деле оказался врагом народа. Чувствуя, что я работаю добросовестно, хотел подаровать мой авторитет и уволить меня с работы. Но ввиду того, что это дело выяснено т.Усеновым, что факты, в чем я обвинялся, не установлены – остался на работе».

Шындықты ешнәрсе бүркемелей алмайды. Болған іс болған. Айтылған сез айтылған. Кім ардан аттаса, обалы өзіне. Таразысы – тарих, күесі – өткен күннің төрелігі. Кім ақталды, кім айбынын асырды? Бәрі-бәрі шынның жүзінде қыпымдаш түр. Соңдықтан ешкімді де сөге жамандаудың жөні жоқ. Әділдікті, не қате басып, қағыс сөйлеуді атағы таудай, мансабы зор оқу-ағарту саласының дәкейінің болмаса қара терге малшынып жүрген еңбекторысы мұғалімнің қанжығасына артық-аудыс немесе тендей бөліп байлай салу тарихқа тағы қиянат. Құжатқа таңбаланған адам тағдыры мен талайын қаз-қалпында көрсеттік. Арғы жағын безбендеп, ой тую әркімнің өз еркі. Тек, шындық шаңға көмілмесе екен. Ең қымбаттысы – осы.

Әлмағамбет Қасымов 1889 жылы Торғай ауданында (бұрынғы Торғай облысы) орташа шаруа, малшы отбасында өмірге келген. Жоқшылық кімнің қолын байламаған. Соның кесірінен мектеп есігін де өз қатарластарынан көп кешеуілдеп он бір жасында аттады. Бірақ зерек бала оқуға шапшаң төселип алды. Домаланып жүріп білім додасында дарапана шапты. Дүркіреген дүрмектен оқ бойы озу – дағдысына айналды. Құйтақандай көкірегі ілім-білімнің көмбесіне айналғанын өзі сезбесе де өзгелер анғаратындар. «Бала ма, әлде дана ма?» – деп, шынайы таңқалысына өзіл жүгіртетіндер Әлмағамбеттің жаңа қырына, ұдайы ұмтылышына тәнтілігін жасырмайтын.

Сөйтіп өсер үл өрісін кеңейте бастапты. Оқуға кеш қарманғанымен, қағілездігі мен қабілеттілігі қарымтасымен қуантқандай! 1911 жылы Орынбор мұғалімдік мектебін өте жақсы тәмамдады. Бірақ кейін «халық жауын» іздеушілер дәл осы иіннен кінәрат тапқандай бол, қауға өрт салды.

Өмірбаянын өтірік құрастырған деп, даурықты. Жоғалған құжаттың орны үңірейіп тұрганда, араша түскен баяғы балғын күнгі бозбалалар – бүгінгі сақа жігіттер еді. Анықтама жазып, растаған қолдарын қойып, мөрлең тиянақтатып азаматтық жасады. Олар – Байсалiev пен Жолдыбаев сынды марқасқалар еді. Орынбор орыс-қырғыз мұғалімдік мектебінде Әлмағамбет Қасымовпен 1907 – 1911 жылдары бірге оқып бітіріп, бастауыш училищенің мұғалімі деген мамандық алғып шыққандарын мәлімдепті.

Түсініктемеге қолдарын қойып, кәсіподақ билеттерінің нөмірін көрсеткен. Ал, бұл анықтаманы «жау іздеуші» мектеп директоры Диаров та амалсыздан растап, бекіткен екен. Ал, қане, «жау» қай інде бұғып жатыр десейші.

Торғай облыстық статистика комитетінің 1909 жылғы 10 ақпандағы дерегіне сүйенсек, осы өнірден Орынбор мұғалімдік мектебінде оқып жатқан бірқатар жастарға үздік оқығаны үшін стипендия тағайындалғаны туралы мәлімет бар. Және де стипендияны 1908 оку жылының бірінші жартысында 14 бала, ал екінші жартысында 19 бала алыпты. Қос тізімде де Әлмағамбет Қасымовтың аты-жөнін кездестіреміз. Сонда Әлмағамбетті бұл мұғалімдік мектепте оқымады деп, тырнақ астынан кір іздеушілік шындыққа қиянат қой. Жоғарыда айттық, бірге білім алғандардың анықтамалық қолхат бергенін. Сондай-ақ бұрынғы Торғай уезі халық училищесінің бұрынғы нұсқаушысы А.Балғымбаевтың 1936 жылғы 20 сәуірде растап жазған анықтамасындағы: «Ә.Қасымовтың Орынбор мұғалімдік мектебін бітіргені жөніндегі құжаты мен өзге де қағаздарының 1916 жылғы төңкерісте инспекцияның кенсесінен жоғалып кеткенін на зарға алушы өтінеміз», – деген мәлімдемесінен де аталмыш оку орнын тәмамдағаны ғұлтартпас айғақ емес пе? Енді бұл мәселені күлбілтелендіре берудің еш қисыны жок.

Ескі қағаз-құжаттардың ел ішіне ашатын сырты шаш-етектен екендігін ескеріп, стипендия алғандардың баршасының аты-жөндерін ұсынып отырмыз (I, II жарты жылдықтарды бөлмей, тұластай қамтылды): Игнатьев Михаил, Қосбаков Мұхамеджан, Аспандияров Біләл, Дайрабаев Мұса, Қожасов

Жұмабай, Рысжанов Ерболат, Тоқтабаев Ғабдолкәрім, Байдәулетов Хакімжан, Ералин Нұртаза, Қасымов Әлмағамбет, Ермұхамедов Сейтәлі, Матаев Ермұхамед, Омаров Елдос, Ыршықенов Абдолла, Әлмұхамедов Кожахмет, Қойшыбаев Сисембай, Құлымбетов Фалымжан, Сүлейменов Ермағанбет, Сұлтанғазиев Қабыш, Қаратаев Мұзафар, Қаратаев Осман, Тұңғашин Тоқтамыс.

Тізімдерді тұтас бергендеңі ойымыз, кімде кім ата-бабаларының есімін кездестіріп қала ма деген тілекtestіk еді.

Жас маман елге келеді. Қойны-қонышын білімге толтырып, аптығып жетеді. «Құшағынды аш, ауылым. Қай кәдене жаратасың!» – деп құлдыраң қағып, кіндік қаны тамған жерінің топырағын құныға сүйеді. Мұғалімдік мәртебе елге таңсық кез. Мұны Тосын болысының 2, 4 ауылдарындағы мектепке құда түсіп, қалап алғандай болады. Қаранды қазақ кекірегіне білім шырағын жағуға жан-тәнімен кіріседі. Жатса-тұрса ойлайтыны халқының білім қамы. Ауылдағасы Міржақыптың да «Оян, қазағы» Қазан баспасынан жарық көріп, алаңсыз жатқан қалың елдің санасына шоқ түсіргендей. Дүрлікпелі заманның тамырын дәп басып, оның табиғатын, арман-мақсатын жыға танудың өзі қиямет-қайымға айналған шақ.

Жазда Торғайға іс жайымен барғанда бір ақсақалдың: «Әлмағамбет, өз елің үшін тер төгіп жүрсің ғой, дегенмен туған ауылыңын балаларына да көз қырыңды салғаның аbzal-aу!» – деп акыл қосуынан кәдімгідей ойланып қалған. Ауық-ауық басын торлап алатын сауал еді бұл. Сұранып көрген. Тосындағы үш жылдық жұмысына қанағат білдірген басшылар сөз айтпай Сарықопа болыстық мектебіне жіберді. Сейтіп, ысылған мұғалім 1915 – 1917 жылдары өзі әліп таныған мектепте ұстаздық етті.

1917 жылдың 1 қазанында халық оны Торғай уездік земство басқармасына мүше етіп сайлап, бұл міндетті екі жыл атқарды. Одан әрі Алашордадағы 2,5 айлық жем үлестірушілік жұмыста болғанын жоғарыда айтқанбыз. 1919 жылдың күзі қарбаласында Торғай уезі халық шаруашылығы Кеңесінің мүшесі болса, 1921 жылдан үнемі уезд атқару комитетінің

мүшелігіне сайлана жүріп, оқу-ағарту саласындағы жұмысын жемісті жалғастыра берді. Атап айтқанда, уездік халыққа білім беру бөлімінің менгерушісі, нұсқаушысы, енді бірде мұғалім болып, 1925 жылға дейін қызмет етті.

Бұл қызметтерге Әлмағамбет Қасымов жегілер ме еді, же гілмес пе еді, егер 1921 жылдың 19 қарашасында Орынбор, Қырғыз орталық атқару комитетінің төрағасы Ә.Жангелдинге РКП (б) Киробкомның органы «Қызыл Қазақстан» («Красный Киргизстан») журналы редакторының шешімімен редакция хатшысының жолдаған жеделхатының мәнісі нақты жүзеге асырылған болса. Алдын ала ескертіп қояйық, бұл қызметтік ұсыныстан Ә.Қасымов еркіті түрде бас тартқаны белгілі. Әлгі жеделхатта «Еңбекшіл қазақ» («Трудовой киргиз») газеті мен «Қызыл Қазақстан» («Красный Киргизстан») журналы редакцияларының Ә.Жангелдинге етініші тұжырымдалған: «Сіздің беделді қолыңызben мына көрсетілген мекен-жайлар бойынша атап болған жолдастарға бір мағыналы жеделхат жіберілуін сұраймыз». Алғашқы жеделхаттың мәтіні Костанайға, губерниялық атқару комитетінің төрағасына жолданып, онда Омаров пен Майлиниң қырғыз газеті мен журналында жұмыс істеуі үшін ҚырОАК қарамағына жіберілуінің қажеттігі ескертілген. Сонында Ә.Жангелдиннің қолы тұр. Осындай мәтінмен жеделхаттар жеке-жеке, атап айтқанда, Торғай губаткомына – Қасымов пен Юсуповқа; Семей губаткомына – Аймауытов пен Усмановқа; Петропавловск губаткомына – Жұмабаев пен Байтасовқа; Ыргыз губаткомына – Шонаевқа; Бекейордасы губаткомына – Маметовке жіберілген.

Эрине, осы атап-жеделхаттың біразы бұйрық райындағы жеделхаттың ықпалымен газет, журнал редакцияларында қызмет аткарғаны тарихтан баршаға аян. Ал, Ә.Қасымовтың еңбек жолы өзінің бастапқы таңдап алған сара саласымен, ұстаздық арнасымен жалғасқаны белгілі.

1925 жылы халық комиссарының арнайы шақыруымен Қызылордаға келіп, КИНО-ға (Қазақ Халыққа білім беру институты) оқытушы болып орналасады да төрт жыл бойы бұл міндеттін жемісті аткарады. Өзі құралпы кейбіреулер

жаңа астананың желігімен тым желпініп, арзан қызық қуып кеткенде бұл жастықтың желкенін онды-солды кермей қай ісін де сабырмен, салиқалы орындауға талпынды. Көзге аса білімділігімен түсті. Қындықты да, қызықты да біртога салмақты мінезбен қабылдай алатын сырбаз жігіт қандай оку орнына да ауадай қажет кәсіби маман болып қалыптасты. Осындағы іскерлігі оны өзге қызмет баспалдақтарымен батыл өрмелете берді. Орынбор жұмысшылар факультетіне оқытушы болып істеп жүргенде он айдан соң Мирзоян атындағы (бұрынғы Әулие ата қазақ педагоги) педтехникумына мұғалімдікке шақырылды.

Әңгіменің басқа желісін таратпас бұрын 1925 жылдың 25 тамызында жаңа астана Қызылордаға ҚССР Оқу-ағарту халық комиссарының шақыруымен келіп, Қазақ халыққа білім беру институтына оқытушы болып орналасқандағы екіжақты жасалған еңбек шартынан қысқаша мағлұмат беруді жөн көрдік. Өйткені тарих қойнауындағы әрбір құжат бүгінгінің баға жетпес жәдігері ретіндегі құндылығын ес-кердік.

Халық комиссарының орынбасары Стародубцев қол қойған келісім-шартта көшіп-қону шығындарын еңбек кодексінің негізінде төлеудің (350 сом) жай-жапсары нақтыланыш, отбасының әр мүшесіне 5 пүт мөлшерінде жүк тасымалы тиесілі екендігі көрсетілген. Сонымен бірге уақытша тұратын төлемді пәтер дайындалады. Егер қызметке қабылдаушы институт Қасымовты пәтермен қамтамасыз ете алмаса, оның ұсынылған жұмысынан бас тартуға қақысы бар екендігі, ал аталған мекеменің қайыра бұрынғы мекен-жайына өз есебінен көшіріп апаруы бүкпесіз ашық мәлімделген.

Бұл құжаттың бізді қызықтырған тағы бір мәнісі бар. Одан Ә.Қасымовтың отбасылық жағдайын анықтап білгеніміз еді. Өзінен басқа төрт адам бірге келген. 73 жастағы Зылиха шешесі (құжатта ақ шашты деп көрсетілген – К.Ә.), 25 жастағы Менеш әйелі (қара шашты), 13 жасар қарындасты Хадиша мен 8 жасар інісі Абдолхамит тіркеліпті. Осынша тағдыр өзі де қыл үстінде жүрген Әлмағамбеттің ауанымен жаңа астанаға үкілі үмітпен келген екен...

Мұғалім өзі өмірінің мағынасын үнемі ізденіп оқып, ой-өрісіне кең тыныс беріп, байта тұсті. Қазақ, әлем әдебиетін сүлікше соратыны есінде. Үнтықтық қисапсыз ырыздық жинап бергендей. «Бір өзінде бір кітапханалық білім бар» деген теңеу сөз бекер айттылмаған шығар-ау. Әсіресе кәсібіне байланысты қазақ тілінің әдістемесіне көз майын тауысып, зер салатын. Шәкірттерін білімге жан-жақты шындау үшін өзі қол жетпестей шың-құзға айналмаса, жай бір күйбенмен өткен тірлікке балар оны. Ондай бойкүйездіктен сақтасын. Ортан қол мұғалімнің ойсыраған білігімен қандай биікке көтерілмек. Сол себепті де өзгелер бой таластыра алмайтындай асқар белді бағындырып, шығанға шырқауды жаны қалайды. Осындай талапшылдық оны Самара біліктілікті арттыру институтының сырттай оку бөліміне алып келді. Әттеген-ай, бірақ бар болғаны бір жыл ғана оқып, білімге інкәрлігін жөндең баса алмады. Кінені кімнен іздесін? Дал болады. Бақылау жұмыстарын жіберіп, жауап күтеді институттан. Түк хабарсыз. Зарықтырды. Бірнеше рет әуреленіп көрді. Мұны ұмытқандай, санаттан сызып тастағандай. Араға, нәті, қара мысық жүгіреді ме еken? Нақақтан жазаға жығудың жолдары жалғасып, ұзарып сала бергендей. Эйтпесе, мұндай жауапсыздыққа миы жетпейді. Окуга қабылдан, тосыннан төбеге ұрып, тағдырды талақ ету кімге қажет болды еken? Сол шикілікті түптеп шеше алмаса да жүрегі сезеді, сұық сездердің сумақынан лайланған тұнық көңілін сабасына түсіре алмай жан азабымен арпалысады. Бір біліп, сезетіні заманды бет қаратпас үскірік билеп бара жатқандай... Не істеу керек?

Осы «не істеу керек?» қандай зиялышы да толғандырып, жанын кеміретін. Жауабы онай жаңғақ емес-тін бірақ. Шекілдеуікше шағамын деп, азу тісі опырылғандар қанша ма! Сондай «сынақтан» оңбай сүрінгендердің бірі болып қалар ма еken мына Әлмағамбет. Жан беру онай ма? Қалай алысып-жұлысады? Қазақтың өнкей өресі биік өр тұлғаларын тобықтан қағып, тырапай асырып жатқан сайқал саясат мұны да шыбын құрлы көрмес. Қол қусырып, бассауғалап қарекетсіз қалу керек пе, әлде бұғаудан босана алмай тыптырлап, өлме-

шінің күйін кешкен елінің өртөні үшін жанартаудай атылса ше! Жай оғындаі ысқыранып, жасындаі сорғалай алар ма екен!

Өзін де зорға балағаны ма, сонда, мына өресіздердің, бәтір-ау! Әлмағамбеттің іші сезеді. Шындаپ айналдыра бастағандай. «Аллашыл» жүректің сыр беріп алғаны-ау шамасы. Ішкі ірім толқының сыртқа теппейді деймісің. Тебеді, білінеді, көзге ұрады. Демек, Әлмағамбет Қасымовтан өткен бүгінгінің жауы жоқ екен. Ендігісі... шүріппенің бір басылуы...

Ойды осылдырып, қолдан неге қағады бұлар? Бітірген ісінен неңдей күдік алады? Зияллылар қаймағының бетін қалқуға ашқұрсақтай үйірсек үрейлілер өзіне қылбұрауды тегіннен-тегін қылқындыра тастамайтын шығар. Сонда бұл Әлмағамбеттің неңдей іспен қадірі асыпты?..

Өз пайдасының қамымен өзеуреп, қолдан қадір жасап жүрмегені кәміл. Бар ниеті халқының жайына жығылған. Білімнен оқшау қалған, келешегі тұманды елінің бір кәдесіне жарайтын іс тындырмаққа жарғақ құлағы жастыққа тимейтіні рас. Еңбекпен езіліп журмесе, еңсесі түсетіні тағы рас. «Ойымдағыны түгесіп, айтып кетсем-ау» дейтін арманы өзінше бір әлем. Рухани әлем. Ондай жаунар әлемді балдыр-батпақпен ластауға болмайды. Үстық жүрек қазынасына татырлық шын асыл, саф таза, әмбебап ілім-білімсіз бұл дүние бос. Үрейлі үнгір, қорқынышты қуыс. Ләzzатсыз, данғырлақ ғұмыр. Жиналыш келгенде өркениетсіз, өріссіз қоғам. Елін сүйген ер мұндай мешелдікке марғау қарамас. Әділдік жолындағы алаөкпе, ақберен, өз ісінің ақымылтығы Әлмағамбет сондай сойдың санатынан еді. Сондықтан да көрген-білгенін, түйгенін сыйымдал, саналыға ой тастайтын өмірлік сый-кәделі сабақ айтып кетсем дейді.

Айта алғаны да бар екен. Көп жылғы мұғалімдік тәжірибелден тағылымды еңбектер туғызды. Қазақ тіліндегі Есеп құралының II, III, IV бөлімдерін жазып, жариялады. Бұл оқулық үлкен сұранысқа ие болды. Қала мектептері былай тұрсын, ауылдық жердегі білім ошақтарының сусаған анқасын басқандай еді. Баланың ой-қабілетін өте нәзіктікпен түсіне-

тін мұғалім есептердің құрылымы мен шешілу тәсілдерін жүйелі таныммен түйінде, түйсікті ұштайтын ілім-білім амалдарына айналдыра білді. Оқушы есеп шығарып отырып әдеби әдемі бір оқиғаға кенелгендей ынтығады, жатық сөйлемдер жанын арайландырып, әсем әндей әсерлендіреді. Миды шарпыған осындай құмарпаздық ойлампаздыққа жетелейді. Есепке жүйріктік өзге пәндердің де бағын ашады. Баланың есеппен еліктенген қиялы ұшқырлықпен ұшпалана түседі. Бұл оқулыққа мол сұраныс болуының сыры осындай ерекше ілкімділігінде еken. Сол себепті де ол Есеп құралы 1926 жылдан бастап 1931 жылға дейін ұзбей қайта басылып келді. Елдік іске қосылған сұбелі улес деп осындайды айтар болар. Кейін бұл құрал ескерілмей қалды. Қайталап басылуы былай тұрсын, оқыту бағдарламасынан белгісіз себептермен алынып тасталды. Тіпті тұқымынан қызылып, барлық мектептердің кітапханаларынан жойылып жіберілді. Кімге көрсетілген қоқан-локы бұл? Әлмағамбетке ме, жалпы қазақ ұлтына ма, аумалы-төкпелі замандағы қажыған қогамға ма мұндай есер қылықтың көрсетілуі. Беймәлім сұрактың берекесіз жауабы ғана бар шығар... Басқасына бас жетпейді. Бірақ кейінірек мәлім болғанында, 37-нің сойқан сұлатпасының сұрқия сылтаулы «сойылынан» сартап етілген Есеп құралын да, оның авторын да арашалап аларлық қауқар жоқ-тын ол кезде.

Өзінің төл шығармаларының тағдыры қандай тәлекекке түсетінінен бейхабар Әлмағамбет ешкімге еңбегін бұлдамай ізденген үстіне іздене берді. Күндізгі қарбалыстан бел жазбай-ақ түн баласын жазумен откізетін. Таңғы алакеуімде сәл мызғып, мазасыз тірлікке жүрек маздағын жағып, жалындалап кіріседі. Осылайша үзігі жоқ шеңбер шыр айналады да тұрады. Тағдырына өзі емес уақыт тегершігі ие Әлмағамбет миының тетігін автоматпен басқарып отырған кәнігі технологқа ұқсайтын. Тек, «жеделдет, жеделдет» деген жүрек әміріне ғана бағынады.

Басқа жолмен бағын сынап көрсе қайтеді? Өзінің төл дүниесіне көзалартушылардың назарынан қағыс қалу ниеттімен аудармамен шұғылдануға бекінді. Бекінсе, бекем қи-

мылдайтын ол анау-мынау емес күн көсем Ленин жолдасқа қатысты шығармаға қол салды. Ишкі ойы айтады: «Құласам, нардан құлайын!» Дәмесі зор. Бетімнен ешкім қақпас дейді. Таңдаған тақырыбынан қаймығар, бәлкім! Жазушылық жолына бөгесін болмас. Кірісті. Тау қопарғандай қопарды. Көп кешікпей «Час Ленина в школе» деген еңбекті орыс тілінен қатырып қазақшалады. Тақырыбы тәнті еткен соң қоя ма, жоғарыдағылар жолын тосып жүріп қолжазбасын аттай қалап алды да баспадан жарқ еткізді. Дайын кітаптың мектептердегі ғұмыры баянды болды. Қолдан-қолға өтті. Құмарта да құныға бас қойды. Мақталды. Адал еңбегі ақталды.

Енді Әлмағамбет аралдан айдынға құлаш үрді. «Сотворение земли и жизни на земле», «Политехническая подготовка в начальной школе», «География для III класса» деп аталатын оқулықтарды казақшаға майын тамызып тәржімалады. Оларды оқығандар нағыз ана тіліндегі төл туындымен қауышқандай ләззатқа кенелді. Қасында аудармашысы жүргенін бірі біліп, бірі білмеді. Білгендері «Ә, Әлмағамбеттен бәрі шығады» – деп әлде кекесін, әлде сүйсініс, әйтеуір үнсіз қалмаудың ишаратын жасайтын. Елемейін десе, ертең оны ел ескерер күн туда қалса, жағада ысырылып қалармын деген бақай есеп қылтияды. Түсініксіз заманның түсінуге болатын занына қайшы келу қайда?

Осындаған іргелі де кесек тақырыптарды қаузаған аударымдар өз алдына, ол ара-арасында «Жаңа мектеп», «Ел мұғалімі» газеттерінде әдістемелік мазмұндағы мақалаларын үнемі жариялады. Мерзімді баспасөз беделі кітап шығарғаннан бетер дәуірлетіп, дәріптеп жіберген-ді авторын.

...Жеке еңбек парапасындағы 1937 жылғы 1 қыркүйектен Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінің мұғалімдігінен Алашорда партиясының белсенді қатысушысы болғандықтан босатылып, шындығында қудаланып жіберілген Әлмағамбет Қасымовтың одан арғы тағдыр-талайы кейінгі үрпак үшін әлі де жұмбақ күйінде көлегейленіп еді... Өзінің күжаттық жазбалары осы датамен құнтилып, шұнтилып шорт үзілген-ді. «Есіл ер «халық жауы» бол, жазаланған шығар?»

Атылды ма? Әгәрәки, саяси құрбандыққа шалынса, нақақ жаладан ақталды ма екен? Қайткенде де ол жалындаған өзиз өмірін текке қимағаны анық. Егемендікті аңсаған Елдік мүддеге сарп етті-ау, бал ғұмырын!» – деген өксікке толы өкініш әр кеудені кеміретін...

...Уақыт – әмірші ақтаңдақтардың орнын әділдікпен толтырды. Бізге жеткен соңғы тарихи дерек мынандай еді. Әлмағамбет Қасымов саяси құғын-сүргінге ұшырап, Сібір лагерьлерінің бірінде 1943 жылы өмірден озады. Отбасына, кейінгі үрпактарына хат-хабар келмеген. Тек 1950 жылы іздеу салудың нәтижесінде ғана қайтыс болған уақыты нақтыланыпты. Елім деген ерен үл 1956 жылы ақталып, «Халық жауы» деген нақақ жаладан ар-намысы арашаланып еді.

Енді Әлмағамбеттің үрпактары туралы да әңгіме сабактаудың сәті түсіп тұр. Жоғарыда айтқанымыздай, Ә. Қасымов жаңа астана – Қызылордаға қызмет бабымен қоныс аударғанда, арнайы құжатта өз қолымен шешесі Зылиха, әйелі Менешпен бірге Хадиша қарындасты мен Абдолхамит інісі туралы отбасылық мәлімет көрсеткен екен (Қазақстан Республикасының ОММ, 81-кор, 1-тізімдеме, 1712-іс, 25-парақ). Шындығында Әлмағамбеттің өз кіндігінен үрпақ жоқ. Хадиша мен Абдолхамит (Абдолхамит кейін Хамит деп тіркелген – Қ.Ә.) туған інісі Айтмағамбеттің балалары. Иісі өлген соң жастай қалған әлгі екеуін өз атына жаздырытып, тәрбиеlep өсірген. Оқытып, мамандық әперіп, қатарға қосқан.

Хамит Мәскеу гидромелиоративтік институтын бітіріп осы салада ірі лауазымдық қызметтер атқарған. Есік қала-сындағы су-электр стансасы құрылышының бастығы болды. 1951 жылы Су шаруашылығы министрлігіне қарасты трест директоры болып, облыс пен Алматыдағы, сондай-ақ Өзбекстандағы гидротехникалық қондырғыларды салуға қатысты. Өмірден өтерінің аз-ақ алдында 1966 жылдың мамырында аталған сала министрлінің орынбасарлығына тағайындалған еді.

Хадиша 1932 жылы Ташкент медицина институтын тәммудап, әскери дәрігер ретінде Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғысты Кенигсберг қаласында аяқтаған. Омбы

қаласында үш жыл жұмыс істеп, 1948 жылы Алматыға оралған. Ғылым кандидаты, эпидемиология институты директорының орынбасары болған. Ол «Қызыл жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, 7 медальмен маралатталған. 2000 жылы өмірден өтті.

Әлмағамбет аялап өсірген Хамиттің баласы Әлібек Қасымов 1995-96 жылдары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі болды. Ол 2003 жылдан бері отставкадағы генерал-полковник.

Міне, үрпақ жалғастығы осындай бай мазмұн, мағына мен әрлене түсіпті. Гүлнэр Міржақыпқызы бір кездескенде Әлмағамбетпен өз әкесінің аралас-құраластығы еш үзілмегенін, «халық жауының» қызы атанып қара жамылған қыын-қыстау кезде де мәдениетті де сабырлы бүл ағасының өздерін қамқорлыққа алыш, қарасып тұрғандығын ерекше мейіріммен әңгімелеген еді.

Сондай-ақ Гүлнэр апамыз Қызылордада Әлмағамбеттің үйінде Мәскеуде оқып жүрген болашақ мемлекет, қоғам қайраткері Асқар Закаринди көріп, танысқанын, студенттің аузынан: «Мені жетелеп оқытып жүрген осы Әлмағамбет ағам ғой», – деген алғысқа толы лебіз есіткенін, Қасымовтар мен Закариндердің алаштың ардақты ұлы Сейдәзім Қадырбаевпен аталас жақын туыс екендіктерін білгенін кейінгі үрпаққа өнеге қылыш айттып отырады.

...Ендігі тілек – Елі ескеріп, елең жүрсе екен, әлді де мықты қазақ Әлмағамбетін! Ол Елінің бүгінгі жарқын болашағы үшін жанқиярлықпен еңбек етіп, өмірін бостандық жолында қиған ерен тұлға еді ғой!

2009 ж.

## «НАРКОМЮСТ» НАРКЕСКЕНІ

Тәуелсіздік таны атқалы бері сонау сұрқия заманның көрімен халық тағдырына қара бояу жағып, жазықсызды нақақтан күйдіріп, кінәсізді өксіткен «ақтаңдақтардың» тыны